

Балалардың жеке диагностикалық тексеру картасы

Жылдың соңы

Баланың аты –жөні: Жалғас Жазира

Туған жылы: 25.06.2022жыл

Топ: «Толағай»

Мақсаты: танымдық, сөйлеу, қимыл-қозғалыс (ірі және ұсақ моторика), әлеуметтік-эмоциялық дамуын бақылау арқылы анықтау; баланың қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктерін, зейінін, ойлауын, есте сақтауын, сөздік қорын, қимыл координациясын және ересектер мен құрдастарымен қарым-қатынас деңгейін бағалау.

p/c	Қолданылатын әдістеме	Нәтиже
1	<p>Танымдық даму Мақсаты: баланың сөздік қорын, ойлауын, түстер мен пішіндерді ажыратуын бақылау. Тапсырмалар: -«Не артық?» ойыны (3–4 суреттің ішінен артық затты табу) -Түстерді ажырату (қызыл, көк, сары) -Пішіндерді көрсету (дөңгелек, шаршы) -Жануарлардың дауысына ажырату</p>	<p>Артық затты психологтың көмегімен тапты. Түстері бойынша сұрыптайды, анық сөйлемегендіктен, сұраққа түстерді көрсету бойынша түсіндірді.</p> <p>Пішіндерді көрсетті Жануарлардың дауыстарын сурет бойынша көрсетті және атады.</p>
2	<p>Ұсақ моторика Мақсаты: саусақ қимылдарын, қол икемділігін дамыту. Тапсырмалар: -Саусақ жаттығулары -Ермексазды илеу, домалату -Дайын суретті бояу -Моншақ тізу -Қағазды жырту, умаждау</p>	<p>Саусақ жаттығуы кезінде шатасты. Ермексаздан илеп домалақ пішін жасай алды. Дайын суретті бояуға саусақ икемділігі әлсіз болса да, тырысып бояды. Моншақтарды түсі бойынша сәйкестендіріп жинады. Қағаздарды жырттып, умаждап қоқысқа лақтыра алды.</p>
4	<p>Мақсаты: ересектермен және балалармен қарым-қатынасын, эмоциясын бақылау.</p> <p>Тапсырмалар: -Амандасу, қоштасу -«Көңіл-күйді көрсет» ойыны -Қуандым/ренжідім суреттерін көрсету -Қарапайым нұсқауды орындау («алыпкел», «отыр», «бер»)</p>	<p>Амандасу, қоштасу рәсімін біледі. Айнадағы суреттің көңіл-күйін көрсете алды. Шатасады. Нұсқаулықты орындайды.</p>

Психологиялық даму деңгейі

Жазираның танымдық тапсырмаларға қызығушылық танытып қатысты. Заттарды ажырату, түстер мен пішіндерді тану дағдылары қалыптасу үстінде. Артық затты табу барысында психологтың көмегіне сүйенді. Түстерді ажыратып, көрсету арқылы дұрыс орындады, алайда сөйлеу тілінің анық болмауына байланысты жауап беруде қиындықтар байқалды. Пішіндерді танып көрсете алды. Жануарлардың дауыстарын сурет арқылы ажыратып, атады.

Ұсақ моторикасының дамуы орташа деңгейде. Саусақ жаттығуларын орындау барысында шатасу байқалды. Ермексазбен жұмыс жасауға қызығушылық танытып, қарапайым пішіндерді жасай алды. Суретті бояу кезінде саусақ икемділігі әлсіз болғанымен, тапсырманы орындауға талпынды. Моншақтарды түстеріне қарай сәйкестендіріп жинады. Қағазды жырту, умаждау әрекеттерін дұрыс орындады.

Әлеуметтік-эмоциялық дамуында ересектермен қарым-қатынасқа жеңіл түседі. Амандасу және қоштасу рәсімдерін біледі. Көңіл-күйді көрсету тапсырмаларын орындады, бірақ эмоцияларды ажыратуда кейде шатасады. Қарапайым нұсқаулықтарды түсініп, орындай алады.

Жалпы алғанда, Жазираның даму орташа деңгейде, кейбір дағдылары әлі де дамытуды қажет етеді.

Ұсыныс

- Жазираның сөйлеу тілін дамыту үшін сөздерді анық айтуға, қысқа сөйлемдер құрастыруға арналған ойындарды көбейту;
- Түстерді, пішіндерді және заттарды ажыратуға байланысты дидактикалық ойындарды жүйелі жүргізу;
- Ұсақ моториканы дамыту мақсатында саусақ жаттығулары, ермексазбен жұмыс, моншақ тізу, бояу жұмыстарын жиі ұйымдастыру;
- Эмоцияларды тану және ажырату дағдыларын дамыту үшін суреттермен, айнамен және рөлдік ойындармен жұмыс жүргізу;
- Қарапайым нұсқауларды кезең-кезеңімен беріп, өз бетінше орындауға ынталандыру;
- Баланы мадақтап, қызығушылығын арттыратын ойын түріндегі тапсырмаларды көбірек қолдану ұсынылады.

Зерттелген күні: 22.04.2026 жыл.

Педагог-психолог: Каменова Ж. З.